



БҰЙРЫҚ

Нұр-Сұлтан қаласы
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *161-НҚ*
қоры Нұр-Сұлтан

2020 жылы педагогтерді аттестаттаудың бірінші кезеңі - Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 23-бабы 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына (ҚР БҒМ-нің 14.05.2020 жылғы № 202 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №228 бұйрығына сәйкес педагогтерді аттестаттаудың бірінші кезеңі - Ұлттық біліктілік тестілеуді ұйымдастыру және өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК-нің (бұдан әрі - Орталық) филиал қызметшілері:

- «U-FUTURE» ЖШС-нің аймақтардағы тестілеуді өткізу пунктеріндегі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID – 19 коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу үшін, сондай-ақ бірінші кезекте тестіленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау жағдайларын қарастыру мақсатында аймақтарда орналасқан тестілеуді өткізу пунктерінде тестіленушінің температурасын өлшеп кіргізу, дәліздерде, әрбір қабатта санитайзерлердің орнатылуын, ылғалды тазалау жұмыстарының жиі жүргізілуін, тестіленушілердің арасында аудиторияда (компьютерлік класста) екі метрден кем емес ара қашықтықтың сақталуын және санитарлық-дезинфекциялық режимінің қамтамасыз етілуін қадағалауды ұйымдастырсын;